

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы
КЕНТАУ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ

БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

_____ Г.А.Шаймерденова

«_____» _____ 2022ж.

2022-2023 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың
жылдық жұмыс жоспары

КЕЛІСІЛГЕН

Директордың тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары

_____ А.Е.Тоева

«_____» _____ 2022 ж.

КЕНТАУ - 2022ж.

**Әлеуметтік педагогтың 2021-2022 оқу жылының
жылындағы атқарылған жұмыстарына талдау және
2022-2023 жаңа оқу жылына міндеттер:**

Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар бойынша колледжге оқуға келген оқушыларға әлеуметтік диагностика жасау жұмыстарын жүргізу үшін топ жетекшілерінен оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жиналды. Топ жетекшілерімен бірлесе отырып, оқу топтарының әлеуметтік карталары жасалынды. Әлеуметтік карта білім алушының әлеуметтік жағдайын байқау мақсатында жасалынады. Кітапхана қызметкерлерімен бірлесе отырып, әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды оқулықпен қамту жұмыстары жүргізілді. Колледж оқушыларының әлеуметтік картасын жасау үшін тұл жетім, жартылай жетім оқушылар тізімі, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар, оралман оқушылар, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушылардың тізімдері жасалынды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «12» наурыздағы №320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» нұсқаулығына сәйкес, колледжде білім алатын көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар мен әлеуметтік жағдайы төмен аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды анықтау мақсатында оқу жылының барысында жасалынған әлеуметтік картаға байланысты, колледж білім алушыларының құжаттары жинақталды. Осы қаулыға байланысты 2021-2022 оқу жылында колледж білім алушыларының ыстық тамақтың қаржысымен қамтылуы төмендегідей:

Мерзімі	Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушы саны	Көпбалалы отбасынан шыққан оқушы саны	Барлығы
01.09.2021ж.	101 білім алушы	227 білім алушы	328 білім алушы
04.01.2022ж.	122 білім алушы	252 білім алушы	374 білім алушы

Бүгінгі жастар - еліміздің ертеңгі болашағы. Білім алушылардың арасындағы құқық бұзушылықты алдын алу, тәрбиені дұрыс жолға қоя білу, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында, отбасы тәрбиесі бағытында ата-аналарға «Мықты Отбасы-мықты мемлекет», «Мен және менің отбасым», «СПИД-ғасыр дерті» тақырыптарында сайыс пен кездесулер өткізілді.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы мен Кентау көпсалалы колледж ұйымдастыруымен «Мен-өз елімнің патриотымын» облыстық патриоттық әндер байқауы өткізіліп, байқауға аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан білім алушылар қатысты. Соған орай, байқау жеңімпаздарына сыйлық алуға біз тарапынан колледж түлектер арасынан қайырымдылық акция өткізілді. Қайырымдылық акциясынан түскен қаржыға байқау жеңімпаздарға мен номинацияларға ие болғандарға сыйлық алында.

2022-2023 жаңа оқу жылына міндеттер:

1. Колледжде әлеуметтік паспорттауды жүргізу
2. Балалық құқығын қорғау жұмысы
3. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс
4. Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушыға көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акция ұйымдастыру

5. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмыстар жүргізу
6. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс
7. Диагностикалау-талдау қызметі
8. Қиын, құқық бұзуға бейім білім алушылармен психологпен бірлесе отырып, әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу.
9. Колледж психологымен бірлесіп, колледжішілік тіркеуде, КҚІБ ЮПТ-нің есебінде тұратын және колледжге ұзақ уақыт келмей, сабаққа қатыспай жүретін білім алушылардың да тұрмыстық жағдайларын, сабаққа қатыспау себебін анықтау мақсатында жұмыстар жүргізу.

2022-2023 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: колледж білім алушыларымен, ата-аналарымен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім білім алушылармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен колледж арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	- Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарын құру; - «Колледж кеңес құрамын» бекіту	Тамыз	ДТЖЖО Әлеуметтік педагог
<i>Топ жетекшілермен жұмыс</i>			
2	- Колледжге келген білім алушыларға әлеуметтік диагностика жасау; - Тегін ыстық тамақтың қаржысымен қамтамасыз етілетін білім алушыларды топ жетекшілерімен бірлесе отырып анықтау; - Топ жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау; - Колледж оқушыларының әлеуметтік картасын және картотекасын жасау; ▪ Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жартылай жетім білім алушыларды анықтау; ▪ Көпбалалы отбасынан шыққан білім алушылар тізімі; ▪ Оралман білім алушылардың тізімі; ▪ Аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан білім алушылар тізімі;	Қыркүйек 1 апта 2 апта 3 апта 4 апта	Әлеуметтік педагог топ жетекшілер Әлеуметтік педагог Әлеуметтік педагог Әлеуметтік педагог
3.	- Оқушыларға жүргізілген диагностикалық жұмыстың нәтижелерін топ жетекшілермен таныстыру; - Колледж әкімшілігімен және топ	Қазан 1 апта 2 апта	Әлеуметтік педагог Топ жетекшілер

	жетекшілермен бірлесе ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы мен БҰҰ «Балалық құқығын қорғау жұмысы» талқылау; - Әр топқа әлеуметтік паспорт жасау;	3 апта 4 апта	Психолог
<i>Білім алушылармен жұмыс</i>			
4.	- Білім алушылардың әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығы) диагностикалау және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізу. - Колледж медбикесімен бірлесе отырып, «Дені саудың –жаны сау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	Қараша 1 апта 2 апта	Әлеуметтік педагог Психолог Әлеуметтік педагог Медбике
	<i>Отбасымен жұмыс</i>		
	- Әлеуметтік қамқорлықтағы білім алушылардың тұрғын-жайын зерттеу актілерін жүргізу; - Білім алушылардың отбасылық жағдайын талдау және мониторингін құру; - Топ жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін алушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау. - Колледж психологымен бірлесе отырып, отбасы тәрбиесі бағытында «Отбасым - Ақмешітім» тақырыбында ата-аналармен кездесу өткізу.	3 апта Үнемі 4 апта	Әлеуметтік педагог Топ жетекшілер Әлеуметтік педагог Әлеуметтік педагог Психолог
5.	- СПИД күніне байланысты салауатты өмір бағытында колледж психологымен бірге білім алушылармен «СПИД- ғасыр дерті» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу; - Отбасы жағдайы төмен оқушыларға материалдық қолдау көрсетуге мүмкіндігінше жұмыстар жүргізу; - Рухани адамгершілік тәрбиесі бағытында топ жетекшілермен бірлесе отырып, білім алушылармен іс-шаралар өткізу	Желтоқсан 1 апта 2 апта Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Медбике Жатақхана меңгерушісі Топ жетекшілер Әлеуметтік педагог Топ жетекшілер
<i>Әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмысы</i>			
6.	- Әлеуметтік педагог пен психологтың отбасына және топ жетекшілеріне кеңестер беру; - Білім алушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу және кеңестер беру; - Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына, оқушыға және қиын және құқық бұзуға бейім оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу; - Үлгерімі төмен оқушылармен әлеуметтік педагогикалық және психологиялық жұмыстар	Қаңтар Жыл барысында Үнемі	Әлеуметтік педагог Топ жетекшілер Психолог Әлеуметтік педагог Топ жетекшілер Әлеуметтік педагог Психолог

	жүргізу.		
<i>Қиын және құқық бұзуға бейім оқушылармен жұмыс</i>			
7.	- Колледжішілік есепте тұратын білім алушылармен жұмыс жүргізу; - Сабаққа себепсіз келмей жүрген алушылардың үйлеріне барып, себебін анықтау; - «Жастар – біздің болашағымыз» КТЖБИ қызметкерлерімен білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықта алдын алу мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастыру және рейд жүргізу.	Жыл барысында Үнемі 3-4 апта	ДТЖЖО Әлеуметтік педагог Психолог Топ жетекшілер КТЖБИ қызметкерлері
<i>Оқушылардың дамуына әлеуметтік педагогикалық жұмыс</i>			
	- Жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау мақсатында кездесулер ұйымдастыру; - Оқушылардың әлеуметтік картасын толтыру үшін топ жетекшілерінің материал жинауына көмек көрсету.	Наурыз 1-2 апта 3-4 апта	ДТЖЖО Әлеуметтік педагог
8.	- Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға «Жүрек жылуы» тақырыбында қайырымдылық акциясын ұйымдастыру; - Білім алушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын анықтайтын сауалнамалар жүргізу	Сәуір 1-2 апта 3-4 апта	ДТЖЖО Әлеуметтік педагог Топ жетекшілер Психолог
<i>Әдістемелік ұйымдастыру жұмыстары</i>			
	- Әдістемелік оқу құралдарын жинақтау (ата-аналарға, сынып жетекшілерге және оқушыларға арналған жадынама); - Колледжішілік педагогикалық кеңестерге қатысу; - Қалалық, облыстық семинарларға қатысу; - Білім көтеру курстарына бару.	1-4 апта Жыл барысында Жыл барысында	Әлеуметтік педагог
9.	- Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне әлеуметтік көмек көрсету; - Топ жетекшілеріне кеңестер беру - Келесі оқу жылында кемшіліктер жібермеу үшін колледждің өткен оқу жылындағы қызмет жұмыстарын талдау.	Мамыр 1 апта Жыл барысында 2-3 апта	ДТЖЖО Әлеуметтік педагог Топ жетекшілер
10	-Студент жастардың жазғы маусымды тиімді өткізу мақсатында ұйымдастырылатын «Жасыл ел» еңбек жасағына білім алушыларды жіберу - Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебін жасау.	Маусым 1-2 апта Жыл соңында	Әлеуметтік педагог